

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1433 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 23 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН СЛОВЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ  
САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
КЕЛІСІМ \***

*\*(2003 жылғы 5 сәуірден бастап күшіне енди -  
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары  
бюллетені, 2004 ж., N 7, 40-құжат)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын),

- теңдікке және өзара тиімділікке негізделген ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды және кеңейтуді ниет ете отырып;

- осы келісім екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың берік және үйлесімді дамуы әрі сан алуандығы үшін тиісті және тұрақты негіз болып табылатына сенімді бола отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың одан әрі дамуына жәрдем ететін, қолдайтын және жылжытатын болады. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және осы елдерде қолданылатын ұлттық заңнамаларға сәйкес екі мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары арасындағы экономикалық байланыстардың әртүрлі нысандарына ықпал ететін, сондай-ақ өзара келісім арқылы осы ынтымақтастықтағы кез-келген кедергілерді еңсеретін болады.

### **2-бап**

1. Уағдаласушы Тараптар бір біріне өздерінің аумақтарынан шығатын тауарлар үшін ұлттардың аса қолайлы жағдайын ұсынатын болады. Бұл ереже экспорттан,

импорттан алынатын және оларды алу тәсілдеріндегі ұқсас сипаттағы кеден баждарына және басқа да төлемдерге қатысты, сондай-ақ экспорт пен импортқа қатысты барлық ережеге және ресмиліктерге қатысты қолданылатын болады.

## 2. Дегенмен, бірінші тармақтағы ережелер:

а) Уағдаласуши Тараптар шекара өніріндегі тасымалдарды жылжыту мақсатымен кез келген көрші мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын басымдықтарға;

б) Уағдаласуши Тараптар кеден одағы және/немесе еркін сауда аймағы және/немесе аймақтық ықпалдастық жөніндегі халықаралық шарттар шеңберіндегі ынтымақтастық негізінде үшінші бір мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын басымдықтарға қолданылмайды.

### 3-бап

Уағдаласуши Тараптар өз өкілеттіктері шеңберінде екі мемлекет арасында сауда және басқа да экономикалық ынтымақтастық нысандарын, атап айтқанда, экономикалық, өнеркәсіп, техникалық және ғылыми-технологиялық саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін тұрақты жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

### 4-бап

Уағдаласуши Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұлттық заңнамаға және экономикалық бағдарламаларға қатысты ақпарат, сондай-ақ өзара мүдделі басқа да ақпарат алысады қолдайтын болады.

### 5-бап

1. Егер, коммерциялық мәміледе тараптар болып табылатын жеке және заңды тұлғалар арасында өзгеше көрсетілмесе, екі мемлекет арасындағы тауарларға барлық төлем және ақша аударымдары Уағдаласуши Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес және халықаралық рыноктың бағалары мен стандартты шарттарына сәйкес еркін айналатын валютамен жүзеге асырылатын болады.

2. Осы Келісім негізіндегі есеп шоттар Уағдаласуши Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес қатысушы жеке және заңды тұлғалар арасындағы өзара келісім негізінде банк практикада қабылдаған кез келген халықаралық есептеме түрі бойынша реттелуі мүмкін.

### 6-бап

Тауарлардың өзара берілуі Уағдаласуши Тараптардың ұлттық заңнамасына және бағаға, сапаға, берулерге және төлем шарттарына қатысты белгіленген коммерциялық практикаға сәйкес Уағдаласуши Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттарға негізделетін болады.

### 7-бап

1. Уағдаласуши Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын ұстана отырып, жәрменкелер, мамандандырылған көрмелер және басқа да осындай іс-шаралар үйымдастыруда бір біріне көмек көрсететін болады.

2. Уағдаласуши Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес басқа Уағдаласуши Тараптың аумағынан шығатын, тегін үлгідегі жарнама материалының импортын, сондай-ақ сатуға арналмаған, жәрменқелер мен көрмелер үшін тауарлар мен жабдықтарды кеден бажынан және басқа да осындай сипаттағы алымдардан босатуға келісті.

### **8-бап**

1. Уағдаласуши Тараптар осы Келісімнің мақсаттарын іске асыру мақсатында екі мемлекет өкілдерінен тұратын Бірлескен Комиссия құруға келісті.

2. Бірлескен Комиссия жылына бір рет немесе қажеттілігіне қарай, Уағдаласуши Тараптардың бірінің құратуы бойынша Уағдаласуши Тараптардың бірінің мемлекетінде, кезегімен, кездесулер өткізетін болады.

3. Бірлескен Комиссия екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жәрдем ету және кеңейту үшін:

а) екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты қолдаудың және дамытудың жолдары мен құралдарын қарайтын;

б) сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында екі мемлекет арасында жасалған халықаралық шарттардың, уағдаластықтардың немесе басқа келісім-шарттардың орындалуының жылжуын, сондай-ақ осындай келісімдерді орындау процесінде туындауы мүмкін проблемаларды шешуді ұсынатын;

в) сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға үлес қосатын салаларды айқындаитын, сондай-ақ екі мемлекеттің құзыретті органдарына ұсынымдар беретін;

г) екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастыққа кедергі болатын проблемаларды айқындаитын, оларды шешудің шараларын ұсынатын болады.

4. Бірлескен Комиссия Ресімдер ережесін қабылдауы мүмкін.

### **9-бап**

Осы Келісім Уағдаласуши Тараптар жасасқан басқа халықаралық шарттарға нұқсан келтірмейтін болады.

### **10-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Уағдаласуши Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен реттелетін болады.

### **11-бап**

1. Уағдаласуши Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын, тиісті хаттамалармен ресімделетін осы Келісімнің кез-келген ережесіне өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер 12-баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енетін болады.

2. Осы Келісім мерзімінің өзгеруі немесе өтуі осы Келісімнің қолданыста болатын мерзімі ішінде екі мемлекеттің шаруашылық субъектілері арасында жасалған шарттардың орындалуына кедергі келтірмейтін болады.

### **12-бап**

1. Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті барлық мемлекетішлік рәсімдердің орындалуы туралы Уағдаласуши Тараптар бір-бірін хабардар еткен соңғы хабарлама алынғаннан бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім екі жыл бойы күшінде болады және ұзактығы бір жыл кейінгі кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы өзінің осындай ниеті туралы басқа Уағдаласуши Тарапты жазбаша нысанда хабардар ету жолымен осы Келісімнің күшін тоқтатуы мүмкін. Осындай хабарлама жіберілген күннен басып үш ай өткеннен кейін осы Келісімнің күші жойылады.

Астанада 2002 жылғы 23 қыркүйекте қазақ, словен, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіндер бірдей. Түсіндіру кезінде алшақтықтар болған жағдайда, Уағдаласуши Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Словения Республикасының  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК